

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2024-11-3-36-51>

Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберіндегі зияткерлік меншікті қорғау жүйесінің ерекшеліктері

Мадина Н. Нуртай

Заң ғылымдарының магистрі,

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Мемлекеттік қызмет және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы,

Тараз, Қазақстан.

e-mail: madinur@mail.ru

ORCID: 0000-0003-0881-145X; JEL-code: K33 Халықаралық құқық

Жулдыз Т. Сайрамбаева

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі,

Алматы, Қазақстан.

e-mail: zhuldyz.sairam@gmail.com

ORCID: 0000-0002-8213-8622; JEL-code: K33 Халықаралық құқық

Түйіндеме: Мақалада Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберіндегі зияткерлік меншік объектілерін құқықтық реттеудің жалпы сипаттамасы мен ерекшеліктері қарастырылады. Әлемдегі мемлекеттер арасында қарқынды дамып келе жатқан халықаралық экономикалық қатынастар зияткерлік меншік мәселелеріне алып келді. Бүгінгі күні зияткерлік меншік объектілерін құқықтық реттеу мәселесі бүкіл әлемде өзекті болғандықтан, мемлекеттер барынша тиімділігі жоғары әдістерді пайдалануды көздейді. Жұмыстың мақсаты – ДСҰ шеңберінде қабылданған Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімі, сондай-ақ аталған Келісімде қарастырылған зияткерлік меншікті құқықтық реттеу саласындағы бірыңғай стандарттар мен нормаларға құқықтық талдау жүргізілді. Сонымен қатар, зияткерлік меншік секторын қалыптастыру, дамыту және реттеу барысында туындаған құқықтық мәселелерді зерттеген ресми және ғылыми көзқарастар пайдаланылды. Осы зерттеуді жүргізу кезінде авторлар ғылыми абстракция әдісі, сапалық сараптамалық бағалау және құрылымдық талдау сияқты жалпы ғылыми әдістерді қолданылды. Зерттеудің теориялық маңыздылығы жұмыста көтерілген проблемалық мәселелер бойынша ғылыми және тәжірибелік әзірлемелерде қолдануға болатын теориялық қорытындылар берілетіндігінде. Қорытындылай келе, авторлар ДСҰ шеңберіндегі зияткерлік меншік объектілерін құқықтық реттеу жүйесінің стандарттарына сәйкес келетін тиімді ұлттық мемлекеттік зияткерлік меншік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін және оның қағидалары негізінде іске асырылатын тиімділігін атады.

Негізгі сөздер: зияткерлік меншік, құқықтық реттеу, зияткерлік меншікті қорғау жүйесі, Дүниежүзілік сауда ұйымы, ТРИПС жөніндегі келісім.

Features of the intellectual property protection system within the framework of the World Trade Organization

Madina N. Nurtay

Master of law,

senior lecturer of the Department of Public service and administrative law of Taraz regional university named after M. Kh. Dulaty,

Taraz, Kazakhstan.

e-mail: madinur@mail.ru

ORCID: 0000-0003-0881-145X; JEL-code: K33 International law

Zhuldyz T. Sairambaeva

PhD in Law, Associate Professor,

Head of the Department of International Law of Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan.

e-mail: zhuldyz.sairam@gmail.com

ORCID: 0000-0002-8213-8622; JEL-code: K33 International law

Abstract: The article considers the general characteristics and features of legal regulation of intellectual property objects within the World Trade Organization. Dynamic international economic relations between the world's nations have led to intellectual property problems. Since today the problem of legal regulation of intellectual property objects is relevant all over the world, States envisage the use of best practices. The objective of the work is the Agreement on Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights, adopted within the framework of the WTO, and the legal analysis of common standards and norms in the field of intellectual property law, provided by the agreement. Formal and scientific approaches to the study of legal problems arising in the process of formation, development and regulation of the intellectual property sector were also used. In conducting this study, the authors used general scientific methods, such as the method of scientific abstraction, qualitative expert assessment and structural analysis. The theoretical significance of the study lies in the fact that the work provides theoretical conclusions that can be used in scientific and practical developments on the issues raised. In conclusion, the authors named the effectiveness of the system of legal regulation of intellectual property objects within the WTO, allowing to form an effective national state system of intellectual property, in accordance with standards and implemented on the basis of its principles.

Key words: intellectual property, legal regulation, intellectual property protection system, World Trade Organization, TRIPS Agreement.

Особенности системы охраны интеллектуальной собственности в рамках Всемирной торговой организации

Мадина Н. Нуртай

Магистр юридических наук,
старший преподаватель кафедры Государственной службы и
административного права Таразского регионального университета им. М. Х.
Дулати,

Тараз, Казахстан.

e-mail: madinur@mail.ru

ORCID: 0000-0003-0881-145X; JEL-code: K33 Международное право

Жулдыз Т. Сайрамбаева

Кандидат юридических наук, доцент,

заведующая кафедрой Международного права КазНУ имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан.

e-mail: zhuldyz.sairam@gmail.com

ORCID: 0000-0002-8213-8622; JEL-code: K33 Международное право

Аннотация: В статье рассматриваются общая характеристика и особенности правового регулирования объектов интеллектуальной собственности в рамках Всемирной торговой организации. Динамично развивающиеся международные экономические отношения между государствами мира привели к проблемам интеллектуальной собственности. Поскольку на сегодняшний день проблема правового регулирования объектов интеллектуальной собственности актуальна во всем мире, государства предусматривают использование наиболее эффективных методов. Цель работы - Соглашение по торговым аспектам прав интеллектуальной собственности, принятое в рамках ВТО, а также проведен правовой анализ единых стандартов и норм в области правового регулирования интеллектуальной собственности, предусмотренных данным соглашением. Также были использованы формальные и научные подходы к изучению правовых проблем, возникающих в процессе формирования, развития и регулирования сектора интеллектуальной собственности. При проведении данного исследования авторами были использованы общенаучные методы, такие как метод научной абстракции, качественная экспертная оценка и структурный анализ. Теоретическая значимость исследования заключается в том, что в работе даются теоретические выводы, которые могут быть использованы в научных и практических разработках по поднятым проблемным вопросам. В заключение авторы назвали эффективность системы правового регулирования объектов интеллектуальной собственности в рамках ВТО, позволяющей сформировать эффективную национальную государственную систему интеллектуальной

собственности, соответствующую стандартам и реализуемую на основе ее принципов.

Ключевые слова: интеллектуальная собственность, правовое регулирование, система защиты интеллектуальной собственности, Всемирная торговая организация, Соглашение по ТРИПС.

Кіріспе

Уругвай раундының сауда келіссөздерінің (1986-1894 жж) маңызды оқиғаларының бірі көпжақты сауда жүйесінің күн тәртібіне зияткерлік меншік құқықтары сұрақтарының қосылуы болды. Саудамен байланысты зияткерлік меншік құқықтары туралы келісімнен алынған нәтижесі Уругвай раундының аяқталғанынан бері Дүниежүзілік сауда ұйымында әрекет ететін құқықтық шеңберлерді анықтайтын негізгі үш келісімдердің бірі болып табылады.

ТРИПС жөніндегі келісімнің қабылдануы көпжақты сауда жүйесінде кеңінен тараған квота мен тарифтер сияқты шекараға қатысы бар шаралар бойынша тар келісімдерден тұратын көпжақты сауда ережелерінің бекітілуіне алып келді. Орын алған оқиғалар халықаралық сауда тенденцияларының жалпы көрінісі ретінде болды. Халықаралық саудада ғылымды қажет ететін және ақпараттық қаныққан тауарлардың санының өсуі салдарынан көшірме жасау, жалған тауарлар өндіру секілді әрекеттер туындатады. Бұл әрекеттер көптеген өнеркәсіптердің дамуын тежейтін экономикалық кедергідердің бірі болып саналады және оған сәйкесінше сауданы шектеуге бағытталған шараларды, атап айтқанда шекаралық шаралардың рөлі жоғарылады.

Әлемдегі ірі деген зияткерлік меншікті өндіретін елдер зияткерлік меншікке қатысты құқықтарды сақтау және қорғаумен байланысты ауқымды шараларды қабылдауға өздерінің үлестерін қосты. Екінші жағынан, зияткерлік меншіктің тұтынушылары ретінде санайтын көптеген дамушы елдердің пайымдауынша, мұндай шаралардың қабылдануы елдерге жаңа тауарлар мен технологиялардың кіруін шектей отырып, сол елдердің дамуын тежейді. Дегенімен, ТРИПС жөніндегі келісім қазіргі таңға дейін ДСҰ-ның ең қарама-қайшы құжаттарының болып табылады (Fink, 2004:1).

Мақаланың объектісі болып, ДСҰ шеңберінде зияткерлік меншікке қатысты құқықтарын қорғауға бағытталған ТРИПС жөніндегі келісіміне талдау жүргізу болып табылады. Мақаланың мақсаты болып, ТРИПС жөніндегі келісімнің қолданыстағы халықаралық келісімдер жүйесінде алатын орны мен рөлін зерттей келе, оның зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау.

Қазіргі таңда бұл зерттеу өте өзекті, өйткені зияткерлік қызметінің нәтижелері мен оларды қорғауға қатысты мәселелер, көбінесе нақты мемлекет ішінде ғана емес, сонымен бірге халықаралық аренада да қызу даулар мен қақтығыстардың басты тақырыбына айналып отыр. ДСҰ шеңберінде әзірленген зияткерлік меншік құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау тетігі болып

жатқан өзгерістердің көрінісі болып табылады және толық зерттеуді талап етеді деген пікірге негіз береді.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақаланы жазу кезінде теориялық және тәжірибелік сұрақтарды зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Зерттеудің жеке құқықтық әдістерінің қатарында авторлар формальды-заңды және салыстырмалы-құқықтық әдістерді қолдана отырып зерттеді. Формальды-заңды әдіс өз алдында қолданыстағы құқықтық нормалардың және құқықтық тәжірибенің нақты жүйесін өңдеу және талдаудан тұрады. Ал салыстырмалы-құқықтық әдіс ғылыми-қолданбалы сұрақтарды зерттеуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы – құқықтық әдіс халықаралық жария құқығында кеңінен қолданылады.

Нәтижелер мен талқылау

ТРИПС жөніндегі келісімі зияткерлік меншіктің барлық нысанын қамтиды және қорғау стандарттарын нығайту мен келісуге бағытталады, сонымен бірге ұлттық және халықаралық деңгейде нәтижелі құқыққолдануды қамтамасыз етеді. ТРИПС жөніндегі келісімнің бірінші бөлімінде жалпы ережелер мен негізін қалаушы қағидаттар қарастырылған. Бұл бөлім ТРИПС жөніндегі келісімнің өзге жағдайы мен ережелерімен өзара әрекеттесуінің негізі болып табылады және ол сегіз баптан тұрады.

Ең алдында Келісімнің осы бөлігінде ДСҰ-ның мүше елдері өздерінің ұлттық заңнамасында ТРИПС жөніндегі келісімнің қарастырылғаннан бөлек неғұрлым кең қорғауды ұсына алады. Бұл прогрессивтік жағдай ТРИПС жөніндегі келісімнің бұл сұрақтағы мақсаты барлық мүше-елдермен қабылданған зияткерлік меншікті құқықтық қорғаудың ең төмен стандарттарын бекіту болып табылады. Бұл дегеніміз Келісімге сәйкес құқықтық қорғаудың төменгі сатысын белгілейді және бұл сатыдан төмен түспеуі керек, дегенімен жоғары сатысы көлемі шексіз болып келеді. Сонымен қатар елдер ТРИПС жөніндегі келісімнің ережелерін тиісті дәрежеде орындаса, олар өз мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздік жүйесінің дамуына және оның дәрежесін жоғарылатуғы еркін ықпалдаса алады және осы Келісімнің ережелеріне қарама қайшы келмеуі қажет.

ТРИПС жөніндегі келісімнің зияткерлік меншікке объектілеріне арналған негізгі нормалары сілтемелік сипатта болғандықтан, осы Келісімнің 1-бабына сәйкес сілтемені келесі халықаралық келісімдердің ережелеріне жасайды: «Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы» (1967 жылғы 14 шілдедегі Стокгольм актісі), «Әдеби және көркем шығармаларды қорғау туралы Берн конвенциясы» (24 жылғы 1971 шілдедегі Париж актісі), «Орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция» (Рим қ., 1961 жылғы 26 қазанда), 1989 жылғы 26 мамырдағы интегралдық

микросхемаларға қатысты зияткерлік меншікті қорғау туралы Вашингтон шарты. Бұл маңызды ережелердің мәні Келісім Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымымен (ДЗМУ) бекітілген құқықтық жүйесіне негізделетіндігінде және зияткерлік меншікке қатысты құқықтық сауда аспектілері сұрақтары жүйесін жақсарту, дамыту және толықтыру үшін жасалынған. Сонымен қатар Келісімнің өзінде жоғарыда аталған конвенциялардың қалыптасуын және жалғасуын ретінде ТРИПС-тің нормалары мен ережелері көрсетіледі.

ТРИПС-тің 3 және 4 - баптарында Келісімнің құқықтық қалауы болып табылатын екі негізін қалаушы қағидалар орнатылған: ұлттық режим қағидасы және барынша қолайлылық режим қағидасы. Көрсетілген қағидатқа сәйкес ДСҰ-ға мүше кез келген ел өзінің аумағында зияткерлік меншікті қорғауға арналған осы ел кез келген басқа елдің азаматтарына беретін кез келген жеңілдікті, артықшылықты не болмаса иммунитетті белгілеген жағдайда, бұл аталған өзгерістер барлық басқа мүше елдердің азаматтарына дер кезінде және сөзсіз берілетіндігін білдіреді. Бұл қағидатта әзірлеушілердің ұлттық заңнамаларын біркелкілік пен үйлесімділік және бір уақытта дамуына деген ниеті қаланады (TRIPS, 1994).

К.Корреаның сөзінше, «Төменгі стандарттардың ұлттық режиммен араласуының негізгі нәжижесі болып Келісімнің қатысушылары мәртебесіне қарамастан өзге мүше елдерде сондай төменгі стандарттарды қолдануды қамтамасыз ете алады. Ұлттық режимсіз де мүшелер бір заңды еркін түрде өз азаматтарына да және шетел азаматтарына да қолдана алады. ТРИПС-ке дейін ГАТТ-қа сәйкес «ұқсас өнімдерге» қатысты түрлі салықтарды, алымдарды, заңдарды және ережелерді қолдануға рұқсат етілмейтін болған. Тәжірибе жүзінде қарастырсақ елдер өнімдерге әр түрлі түсінік береді және оны өзгеше жіктейді. Бұл жағдай көбінесе елдердің арасында даудың туындауына алып келетіні сөзсіз. ТРИПС-тегі кемсітпеушілік қағидаты азаматтарға бірдей дәрежеде қарауын талап етеді. ТРИПС-тің кемсітпеушіліктің жалпы қағидаттарында «ұқсас өнімге» қатысты қандай да бір тесттерге қатысты ақпарат жоқ» (Kassor, 2018:121).

ТРИПС жөніндегі келісімнің ең жарқын элементтерінің бірі ретінде 7 және 8 - баптарын қарастыруға болады. Бұл Келісімнің легитимділігін көрсететін негізгі компонентері болып табылады және осы Келісімнің өзге компоненттеріне әсер етеді. Келісімнің уақытша құрылымының негізі ретінде бұл баптар Келісімді жүйелі түрде талқылауға және оны жүзеге асыруға қолданылады. Бұл екі маңызы бар баптар «Мақсаты және қағидаттары» деп жіктеледі. ТРИПС жөніндегі келісімнің 7-бабына сәйкес зияткерлік меншікке қатысты құқықтарды сақтау және оның қорғалуын қамтамасыздандыру үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайына және құқықтар мен міндеттемерінің теңгеріміне қол жетуге ықпалдаса отырып, техникалық білімді өндірушілер мен оны пайдаланушылардың өзара пайдасына, техникалық прогреске және технологияны беруге және таратуға жәрдемдесуі тиіс. ТРИПС жөніндегі келісімнің 8-бабының 1-тармағына сәйкес мүшелер өздерінің заңдарын және

нормативтік актілерін әзірлеу немесе өзгерістер енгізу барысында қоғамдық денсаулық пен тамақтануды қорғауға арналған тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндігі бар, сонымен бірге аталған Келісімнің ережелеріне сәйкес шаралардың талаптарын орындай келе, өзінің өмірлік маңызы бар әлеуметтік-экономикалық және техникалық дамуына арналған секторларды қоғамдағы мүдделер үшін қолдануға болатындығы айтылған. ТРИПС жөніндегі келісімнің 8-бабының 2-тармағына сәйкес зияткерлік меншікке қатысты құқықтарын құқық иеленушілер теріс пайдалануына жол бермеу немесе сауданы негізсіз шектейтін жағдайлар орын алса немесе технологияларды халықаралық беруге теріс септігін тигізетін тәжірибені қолдануға, олар осы Келісімнің ережелерін назарға ала отырып келген жағдайда тиісті шараларда талап етілуі мүмкін (TRIPS,1994).

П. Юйдың пайымдауынша, «ТРИПС жөніндегі келісімінің 7 және 8 баптары әр түрлі талқылануы мүмкін. Оларды келесідегідей қарастыруға болады:

1) ТРИПС жөніндегі келісімін талқылауда және оны жүзеге асыруда қолданылатын құқықтық құрал ретінде;

2) инновацияны, технологияны таратудағы, білімді өндіруде және әлеуметтік және экономикалық әл – ауқатына және дамуына ықпалдасуында қолданылатын экономикалық құрал ретінде;

3) дамыған және дамушы мүше елдер арасында Келісімді заңды мәміле жасау үшін қажетті балансты қамтамасыз ететін саяси құрал ретінде;

4) ТРИПС жөніндегі келісімнің режимі мен басқа халықаралық режимдердің арасындағы алшақтықты жоятын құрылым, сонымен қатар ТРИПС жөніндегі келісімнің режимі шеңберінде және онсыз жаңа халықаралық нормаларды әзірлеуға арналған жаһандық құралы ретінде қолданылады» деп есептейді (Peter, 2009:1000).

ТРИПС жөніндегі келісімнің екінші бөлімінде зияткерлік меншік құқықтарының болуына, көлеміне және пайдалануына қатысты ең төменгі стандарттар көрсетілген. Бұл бөлім сегіз тараудан тұрады. Алдыңғы конвенциялармен салыстырғанда ТРИПС жөніндегі келісімдегі зияткерлік меншіктің түсінігін кеңейтеді, сонымен бірге авторлық және сабақтас құқықтары (1 тарау), тауар белгілері (2 тарау), географиялық көрсеткіштер (3 тарау), өнеркәсіптік үлгілер (4 тарау), патент (5 тарау), интегралдық микросхемалар топологиясы (топографиясы) (6 тарау), жабық ақпаратты қорғау (7 тарау), және шарттық лицензиялар арқылы антибәсекелестік тәжірибеге бақылауды жүзеге асыруға (8 тарау) қатысты ең төменгі стандарттары қосылған (TRIPS,1994).

ТРИПС жөніндегі келісімде бірінші рет интегралдық микросхемалар топологиясын қорғау ережелері қарастырылды. Бұл тараудың негізі ретінде Вашингтон шартының ережелері негізге алынды және бұл ережелер топологияны өндірушілер АҚШ және Япония елдерінің ұмтылған маңызды өзгерістермен енгізілді (Watal, Taubman, 2015:336). Сонымен қатар, ТРИПС

жөніндегі келісім алғаш рет зияткерлік меншік объектісінің құрамына жабық ақпаратты енгізген халықаралық құжат болып табылады және енді зияткерлік меншік объектілеріне қатысы бар кез-келген мәліметтер объектілерге теңестіріледі және осы Келісімге сәйкес қорғалуы қажет.

П.Вандеронның айтуынша, «Бұл Келісім шеңберіндегі қосымша артықшылық ретінде келісімнің әр түрлі баптарын түсіндіру кезінде барлық қатысушыларға «икемділік» ұсынылатындығында болып тұр» деп түсіндіреді (Vandoren, 2001). Дегенімен, М. Караянидидың пайымдауынша, «Көпжақты аренада ең жоғарғы минималды зияткерлік меншік стандарттарын белгілей отырып, ТРИПС жөніндегі келісім қазіргі таңда көптеген дамушы елдерді бірдей икемділік пен артықшылықтарға ие болу мүмкіндігінен айырды. Бұл стандарттар экономикалық тұрғысынан дамуға ұмтыла отырып, оларды сақтауға тырысқан дамушы елдердің мүмкіндіктерін шектейтіндігінде» (Karayanidi, 2011).

ТРИПС жөніндегі келісімінің екінші бөлімінің ережелерін талдай келе зияткерлік меншік сұрақтары және болашақта оның дамуының бағытын анықтайтын халықаралық ынтымақтастыққа қатысты өзіндік қорытынды жасайды. Аталған Келісіммен қарастырылған қорғауға алынған объектілер санының өсуі, зияткерлік меншікке қатысты құқықтар құрамының кеңеюі және қорғауға алынатын мерзімдерінің жоғарылауынан көрініс табады.

Алғашқы қабылданған халықаралық келісімдерден зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құқықтық қорғау аясындағы ТРИПС жөніндегі келісімінің басты ерекшеліктерінің бірі «алғаш рет көпжақты келісімде мемлекет мүшелеріне әр түрлі құқық бұзушылықтардан зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, сақтау стандарттарына қатысты міндеттемелер көрсетілгендігінде» (Богуславский, 2000:256).

ТРИПС жөніндегі келісімнің үшінші бөлімінде зияткерлік меншікке қатысты құқықтарын бұзған жағдайдағы рәсімдер мен құралдар қарастырылады. Қатысушы мемлекеттер азаматтық, әкімшілік және қылмыстық заңнамаларына қажетті өзгерістерді енгізу керек. Тиісті рәсімдер қиын, әрі бағасы тым жоғары болмауы қажет, сонымен бірге негізсіз жасалынған уақытша шекаралар мен рәсімдерді кейінгі шегеруді көздемеуі қажет. Істің мазмұны бойынша шешімдер жазбаша жазылған дәлелді болуы тиіс. Олар кем дегенде сот талқылауына тараптарымен заңсыз бөгетсіз ұсынылады. Істің мазмұны бойынша шешімдерінде тараптарға сөз сөйлеуге мүмкіндік берілген, сонымен қатар ұсынылған және айтылған дәлелдемелерге сәйкес болуы керек. Сот қарауының тараптары сот органдарымен істің мүмкіншілігінше қатысты мүшелерінің заңнамаларындағы юрисдикциялық ережелерін сақтай отырып әкімшілік шешімдерін қайта қаралуын талап ете алады (41-бап). Дегенімен, Келісім бойынша зияткерлік меншік құқықтарын орындауды қамтамасыз ету үшін сот жүйесін құру бойынша міндеттемелерді қарастырмайды.

Мүшелер құқық иеленушілерге кез-келген зияткерлік меншікке қатысты құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету үшін азаматтық сот өндірісіне кіруге

мүмкіндігі болуы қажет (42-бап). Бұл тұлғалар ақпараттың құпиялығын қорғаумен, дәлелдемелерді ұсыну және оны жауапкерден талап ету құқығын (42-бап) қоса алғанда тиісті іс жүргізу құқықтарын да қолдануы қажет.

Сот билігі зияткерлік меншік құқықтарын бұзумен байланысты импортталған тауарларды кедендік рәсімдеуден кейін бірден коммерциялық арналар арқылы таратуға тыйым салуға құқылы болуы керек. Іске тартылған адамдар үшін өтеулер мен өтемақыларға да ерекеше назар аударады (44-бап). Сот билігі құқық иесінің құқықтарын бұзу және адвокаттың шығындарын жабу нәтижесінде келтірілген залалды өтеу туралы шешім қабылдауға құқылы болуы тиіс (45-бап). Сонымен қатар өзіне қарсы қылмыстық қудалау басталған тұлғаның келтірілген залалы мен шығындарын өтеу қажет (48-бап) (TRIPS,1994).

Сот органы мүше-мемлекеттер зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуына қатысты ұлттық нарыққа тауарлардың енуін алдын алуына бағытталған кейінге қалдырылмайтын және тиімді шараларды қабылдау туралы сот бұйрығын шығаруға құқығы бар (50-бап). Құқық иеленуші авторлық құқығы бұзылып өндірілген тауарды не болмаса тауарлық белгіні заңсыз пайдаланатын тауарды әкелуін жүзеге асырып жатқандығына дәлелді негізде күдігі болса, осы тауарлардың еркін айналымға жіберілуіне қатысты құзіретті әкімшілік немесе сот органына кедендік рәсімдеуді тоқтата тұру бойынша жазбаша өтініш беруге құқығы бар (55-бап).

Құзыретті органдардың өтініш берушіден жауапкер мен құзыретті органдарды қорғау және теріс пайдаланудың алдын алу үшін жеткілікті қауіпсіздік кепілдіктерін немесе балама кепілдіктерді ұсынуды талап етуге өкілеттігі болуы тиіс (53-бап). Мұндай қауіпсіздік немесе оған балама кепілдік осы рәсімдерге жүгінуге негізсіз кедергі келтірмеуге тиіс.

Сондықтан да ТРИПС жөніндегі Келісімнің бұл шаралардың нақты орындалу уақытын белгілейді. Егер еркін айналымға тауарлардың шығарылуының тоқтатылуы туралы хабарламаны өтініш беруші он жұмыс күні аралығында істің мазмұны бойынша сот қарауы туралы кедендік органдарына хабарлама жіберген болса, кеден билігі істің мәніне байланысты өндірісті мүдделі тұлғаның бастамау туралы хабардар етілмейді және тауарлар бұдан әрі кешіктірілмеуі қажет (55-бап).

Зияткерлік меншік құқығын қорғауды сапасын жоғарылату үшін ТРИПС жөніндегі келісімнің зияткерлік меншік құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік нормаларын қылмыстық құқыққа енгізілуін талап етеді. ТРИПС жөніндегі келісімнің 61-бабына сәйкес, қатысушы мемлекеттер коммерциялық мақсатта заңсыз тауарлық белгілердің пайдаланғаны мен авторлық құқықтардың бұзылуына байланысты қылмыстық санкцияны қарастыруы қажет. Бұл жағдайларда жаза ретінде бас бостандығынан айыру не болмаса ақшалай айыппұл, тауарға және оған қатысты барлық заттарды тәркілеу және жою қажет. Бұл аталған жағдайлардан бөлек туындаған жағдайларда қылмыстық

санкцияларды қолдану мемлекеттің қатысушылары болып табылатындардың қарауына қалдырылады (TRIPS, 1994).

ТРИПС жөніндегі келісімнің үшінші бөлімінің ережелерін талдау негізінде осы Келісімнің зияткерлік меншік құқықтарын қорғауының тиімділігі және болжамдылығы туралы қорытынды жасауға болады. ТРИПС жөніндегі келісімнің зияткерлік меншік құқықтарын бұзушылықтардың жолын кесу бойынша құралдар мен рәсімдерге қатысты сұрақтар Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының 9-бабында белгілер, фирмалық атаулар: тауар белгісімен немесе фирмалық атаумен заңсыз жабдықталған өнімдерді әкелу кезінде тыйым салулар ретінде және 10-бабында жалған нұсқаулар: өнімдердің шығу тегінің немесе өндірушінің жеке тұлғаның және т.б. туралы жалған нұсқаулармен қамтылған өнімдерді кіргізу кезінде тұтқындау деп қарастырылған (Paris Convention for the Protection of Industrial Property, 1883). Сонымен қатар, осыған сәйкес келетін баптар 1981 жылы қабылданаған Тауарлардағы дереккөздің жалған немесе жаңылыстыратын нұсқауларының жолын кесу туралы Мадрид Келісінде де регламенттелген (Madrid Agreement for the Repression of False or Deceptive Indications of Source on Goods, 1891).

ТРИПС жөніндегі келісінде дамушы елдерден күтілетін зияткерлік меншік құқықтары аясындағы әкімшілік және сот стандарттары экономикасы дамыған елдердің стандарттарына сәйкес келу қажеттігі белгісіз. Көптеген дамушы елдерде құқық қорғау органдары қаржыландырудың және білікті кадрлардың жеткіліксіздігінен жалпы алғанда нашар жұмыс істейді. Зияткерлік меншік құқығын бірінші әлемдік стандарттардың тиімділік деңгейіне дейін жеткізу мақсатында халықаралық міндеттемелерді орындау көптеген жерлерде қымбат және проблемалық болуы мүмкін. ТРИПС жөніндегі келісім азаматтық салада сот және құқық қорғау органдары жұмысының стандарттарын іс-жүзінде белгілейтін бірінші жаһандық келісім болып табылады (Revesz, 1999:8).

ТРИПС жөніндегі келісімнің үш негізгі бөлімін талдағанда мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру және мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерінің сақталуын қамтамасыз етуіне қорғау шараларының жоғары стандарттарына негізделетін және зияткерлік меншік мәселелерінің кеңінен қолдануына байланысты тиімді институционалды тетігі қажет болады деп болжанады.

ТРИПС жөніндегі келісімінің жүйесінің институционалдық құрамының ерекшелігі ретінде ДСҰ шеңберінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғаумен айналысатын, сонымен қатар ТРИПС жөніндегі келісімінің жүйесінің дамуының және шарттық құрамдас бөлігінің ережелерін іске асыруды қарастыратын әрекет ететін жауапты органдарға жатады: Министрлер конференциясы, Бас кеңес, дауларды шешу жөніндегі орган, зияткерлік меншік құқығының сауда аспектілері жөніндегі орган. Оның ішінде, ТРИПС жөніндегі келісімі ережелерінің орындалуын бақылайтын ТРИПС жөніндегі кеңес ғана

арнайы құрылған орган болып табылады. Ал қалғандары ДСҰ органдары бола тұра ТРИПС жөніндегі келісімі жүйесінің шарттық құрамдас бөлігінің ережелерін жүзеге асырумен байланысты құзіреттіліктерге сәйкес әрекет етеді.

ТРИПС жөніндегі келісімнің 68-бабына сәйкес Кеңестің келесі функцияларын бөлуге болады: осы Келісімнің әрекет ету үшін бақылауды іске асырады; мүше мемлекеттерден туындайтын міндеттемелерін орындауын қарайды; зияткерлік меншік құқығының сауда аспектілерімен байланысты сұрақтар бойынша кеңес алу мүмкіндігін ұсынады; мүшелермен жүктелген кез келген функцияларды орындайды және дауды шешу рәсімдеріне қатысты сұрағына көмек көрсетеді; ол қажетті деп санайтын кез-келген ақпарат көзімен кеңесіп, ақпарат алу үшін жүгіне алады; ТРИПС жөніндегі кеңес ДЗМУ-ның кеңестік қатысуымен өзі ұйымдастырған отырысын өткізген күннен бастап бір жыл көлемінде аталған ұйымның органдарымен бірге ынтымақтастық жөнінде уағдаластықтарға келу үшін арнайы шаралар қабылдайды (TRIPS, 1994).

ТРИПС жөніндегі Кеңес өз қызметін реттеу үшін ДСҰ-ның Бас Кеңесінің қызметін реттейтін 1996 жылы 25 шілдеде қабылданған WT/L/161 құжат сериясы «Министрлер конференциясы сессиялары мен Бас кеңестің отырыстары рәсімдерінің ережелерін» пайдаланады (Rules of procedure for sessions of the Ministerial Conference and meetings of the General Council, 1996).

Кеңес зияткерлік меншікті қорғау үшін азаматтық және әкімшілік шаралар мен құқықтық қорғау құралдарын бекіту бойынша өздерінің міндеттемелерін кез келген мүшесімен орындалуын тексеріп қана қоймай, сонымен қатар осы тәртібінің тиімділігін зерттейді, атап айтқанда «іс жүзінде өндірістің нақты ұзақтығын және олардың құнын» зерттейді. Еуропалық одақ Кеңестің міндеттерін «ТРИПС жөніндегі келісім ережелерін мүшелерімен мұқият зерттеуді» қосу туралы ұсынысын дамушы елдер тарапынан күшті қарсылықпен кездесті. Нәтижесінде Кеңес бұл сұрақтарды өзі тергемейді, бірақ мүше мемлекеттерге ақпарат және құқық қолдануға байланысты кеден органдары тәжірибесімен алмасуға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, ТРИПС жөніндегі келісім зияткерлік меншік құқықтары туралы алдыңғы келісімдермен салыстырғанда мониторингтік, құқықтардың сақталуын қамтамасыз ету және дауды шешу сияқты мүмкіндіктердің болуының жақсарғандығының көрінісі (Willis, 2013:2). Осы мүмкіндіктер ТРИПС жөніндегі кеңестің бақылау жүргізу аясындағы орны зияткерлік меншікке қатысты туындаған дауларды шешуге қатысты дауларды реттеу тетігін пайдалануды қысқартуды түсіндіреді. Кеңестің бақылаушы орган ретіндегі тиімділігі ықтимал дауларды олар дауларды реттеу тетігіне қол жеткізгенге дейін алдын алу болып табылады. Кеңестің қарау процесі әр мүшенің ішкі заңдары мен ережелеріндегі сәйкессіздіктерді анықтайды және жояды, бұл сәйкессіздіктер дау тудыруы мүмкін болғанға дейін түзету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді. Кеңестің қарау рәсімдері қарау жөніндегі кеңеске дейін, кеңес барысында және кейінгі отырыстарда жазбаша сұрақтар мен жауаптарды көздейді. Осылай, қарау тәртібі қатысушыларға

дайындық үшін және мүмкін дауларды шешу үшін пайдалануы мүмкін ақпаратты жинауға мүмкіндік береді. Ақпарат жинаудың бұл артықшылығы ТРИПС жөніндегі келісімнің 63-бабының 3-тармағына сәйкес жұмыс істейді, ол әр қатысушыдан басқа қатысушының ұлттық заңдарына, ережелеріне, қорытынды сот шешімдеріне және жалпы қолданыстағы әкімшілік қаулыларына қатысты жазбаша сұрауына жауап ретінде ақпарат беруді талап етеді (TRIPS,1994).

Кеңестегі мониторинг жүргізу әрекеті көпжақты болғанымен, әр ел барлық өзге мүшелердің қысымына ұшырайды. Бұл сияқты қысымдар сәйкестікке септігін тигізеді деп күтуге де болады, бірақ бұл ымыраға келуді қиын жағдайға алып келуі мүмкін, себебі көпжақты форумда ашық түрде сөйлесу әдеттегі екіжақты дипломатияда жоқ келіссөздер үшін қиындықтар туғызатыны анық. Осылайша, кейбір сұрақтарда екіжақты келіссөздер мониторингтің көпжақты процессі алдында артықшылықтары болуы мүмкін. Алайда, екіжақты келіссөздер сәтсіз болған жағдайларда, мониторингтің мониторингтік процессі келіссөздерді толықтыруы және сәтті реттеуіне үлесін қосуы мүмкін. Дауларды реттеу тетігі аясында сот шешімін шығарумен салыстырғанда кезде, Кеңестің бақылау процесі аз қарсылық бідіреді, сондықтан жауапкер елді ренжітуге ықтималдығы аз. Сондықтан Кеңестің мониторинг процесі екіжақты келіссөздер мен дауларды реттеу тетігінен өзгеше жұмыс істесе де, мониторинг процесі дауларды шешуге көмектеседі.

ТРИПС жөніндегі кеңесінің мониторингтік қызметі дауды реттеу тетігінің қолданылуының қысқаруын түсіндіруге көмектеседі деген қорытындыға келуге болады. ТРИПС жөніндегі кеңес дауды реттеу тетігін қолданбастан даудың кейбір түрлерін алдын алу бағытында жақсы жұмыс істейді. Кеңес мүше мемлекеттердің ең төменгі стандарттарға қатысты өзінің міндеттерін, сонымен қатар олардың кемсітпеушілік жөніндегі міндеттерін сақтамаған жағдайдағы мәселелерін, егер олардың осы міндеттемелерді орындау жөніндегі шаралары зияткерлік меншік туралы заңдарда немесе Кеңестің қарауына жататын басқа да тиісті заңдарда көзделсе, елеулі дәрежеде шешуге қабілеті бар (Yoshifumi,2008: 899-900).

Қорытынды

ДСҰ шеңберіндегі әрекет етуші зияткерлік меншікті қорғау жүйесі әмбебап деңгейде зияткерлік меншікті реттеуін елеулі түрде өзгертті. Мұның дәлелі ретінде ТРИПС жөніндегі келісім жүйесінде туындағын бірқатар проблемаларды құқықтық реттеу барысында аңғаруға болады. Осы салада орын алған сұрақтарға байланысты ТРИПС жөніндегі келісім жүйесінің негізгі реттеу пәні ретінде – зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері болып табылады. ТРИПС жөніндегі келісім қолданыстағы халықаралық актілер негізінде бір мезгілде объектілердің белгілі бір жеті түрін реттейді. Зияткерлік меншікке қатысты нәтижелерін құқықтық қорғау бойынша бірқатар халықаралық шарттардан ТРИПС жөніндегі келісімді ерекшелейтін сипаты ол

халықаралық-әкімшілік тетіктермен қамтамасыздандырылған қағидаттар мен ережелерді сақтауға және орындауға қойылатын ерекше талаптар. Сонымен қатар Келісім кедендік сұрақтарды мемлекетішілік ұйымдастыру бойынша талаптар қарастырылған бірінші әмбебап халықаралық шарт болып табылады. Бұл сұрақтардың мақсаты ұлттық және халықаралық қауіпсіздікті қозғамайды, керісінше ірі өндірушілердің экономикалық қауіпсіздігіне бағытталады. ТРИПС жөніндегі кеңесінің қызметінің негізгі мақсаты ДСҰ-ға мүше барлық мемлекеттердің ТРИПС жөніндегі келісімнің нормаларын толық имплементациялауды қамтамасыз ету болып табылады.

Зияткерлік меншік құқықтары бойынша Ұлыбритания Комиссиясы келесіні атап өтті: «Шын мәнінде, дамыған елдер дамушы елдердегі кедейлікті азайту үшін өздерінің коммерциялық мүдделерін өз мүдделерімен үйлестіруге көп көңіл бөлуі керек деп санаймыз. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін, мүмкіндігінше, дамушы елдер өздерінің зияткерлік меншік жүйелерін әзірлеудегі икемділігінен айырылмауға тиіс, дамыған елдер өз дамуының неғұрлым ерте кезеңдерінде пайдаланған және оларға зияткерлік меншіктің неғұрлым жоғары стандарттарымен олардың дамуға әсерін байыпты және объективті бағалаусыз қысым жасамауға тиіс» [15] (UK Commission on Intellectual Property Rights, 2002). Сондықтан ТРИПС жөніндегі келісім оның жақтастарымен қазіргі заманға жаһандық ақпараттық қоғамдағы маңызды рөлді иеленген зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың қолданыстағы жаһандық жүйесі ретінде көрсетеді. Инновацияны ынталандыра отырып, ол халықаралық сауданы, экономикалық өсуді ынталандырады және технологияның өсуіне септігін тигізеді және білімнің таралуын жеңілдетеді. Осы әрекеттер арқылы дамыған және дамушы әлемде өндірушілер мен пайдаланушыларға пайда алып келетіні анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Agreement on Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights, 1994. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://wipolex.wipo.int/en/text/379915> (28.10.2021)
2. Document WT/L/161 of 25.7.1996 Rules of procedure for sessions of the Ministerial Conference and meetings of the General Council. [Электрон. ресурс]. – URL: [file:///C:/Users/user/Downloads/161%20\(3\).pdf](file:///C:/Users/user/Downloads/161%20(3).pdf) (15.07.2024)
3. Fink, C.(2004). Intellectual Property and the WTO. World Bank, Washington, DC. 1-2. [Электрон. ресурс]. – URL:<https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/25931> (07.07.2024)
4. Karayanidi, M. (2011). Bargaining Power in Multilateral Negotiations on Intellectual Property Rules: Paradox of Weakness. The Journal of World Intellectual Property, 14 (3-4), 266. [Электрон. ресурс]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/264478608_Bargaining_Power_in_Multilateral_Negotiations_on_Intellectual_Property_Rules_Paradox_of_Weakness (06.07.2024)

5. Kassor, A. (2018). The World Trade Organizations' Trade Related Aspects of Intellectual Property Rights (TRIPS) Agreement: The Compelling Challenges for Developing and Less Developed Member Countries-Implementation and Enforcement. *Cybaris*, 9, 121. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://open.mitchellhamline.edu/cybaris/vol9/iss1/5> (07.07.2024)
6. Madrid Agreement for the Repression of False or Deceptive Indications of Source on Goods of April 14, 1891 [Электронный ресурс]. – URL: <https://wipolex.wipo.int/en/text/286779> (07.06.2024)
7. Paris Convention for the Protection of Industrial Property, 1883 [Электронный ресурс]. – URL: https://www.unido.org/sites/default/files/2014-04/Paris_Convention_0.pdf (07.07.2024)
8. Yu, P. (2009). The Objectives and Principles of the TRIPS Agreement, 46 *HOUS. L REV.* 979, 1000-10. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://scholarship.law.tamu.edu/facscholar/457> (15.07.2024)
9. Revesz, J. (1999). Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights, Productivity Commission Staff Research Paper. AGPS, Canberra. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://www.pc.gov.au/research/supporting/intellectual-property/trips.pdf> (08.07.2024)
10. UK Commission on Intellectual Property Rights, (2002). 'Integrating Intellectual Property Rights and Development Policy'. Report of the Commission on Intellectual Property Rights (London: Commission on Intellectual Property Rights). [Электрон. ресурс]. – URL: <http://www.iprcommission.org> (15.07.2024)
11. Vandoren, P. (2001). The TRIPS Agreement: A Rising Star, *Journal of World Intellectual Property*, 4, 3, 307-322.
12. Watal, J., Taubman A. (2015). The Making of the TRIPS Agreement. Personal Insights from the Uruguay Round Negotiations. Geneva, 2015. 336 p. [Электрон. ресурс]. – URL: https://www.wto.org/english/res_e/booksp_e/trips_agree_e/history_of_trips_nego (15.07.2024)
13. Willis, B. (2013). The Arguments For and Against the TRIPS Agreement. - University of Plymouth. – 2 p. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://www.e-ir.info/2013/12/23/the-arguments-for-and-against-the-trips-agreement/> (15.07.2024)
14. Yoshifumi, F. (2008). Enforcing TRIPS: Challenges of Adjudicating Minimum Standards Agreements. University of California, Berkeley, School of Law, 23 (2) – 899-900. [Электрон. ресурс]. – URL: https://btlj.org/data/articles2015/vol23/23_2/23-berkeley-tech-l-j-0867-0932.pdf (15.07.2024)
15. Богуславский М.М. Международное частное право. - М., Юрист, 2000. – 256 с.

References

1. Agreement on Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights, 1994. [Electronic resource]. - URL: <https://wipolex.wipo.int/en/text/379915> (15.07.2024)

2. Document WT/L/161 of 25.7.1996 "Rules of procedure for sessions of the Ministerial Conference and meetings of the General Council. [Electronic resource]. - URL: file:///C:/Users/user/Downloads/161%20(3).pdf (15.07.2024)
3. Fink, C.(2004). Intellectual Property and the WTO. World Bank, Washington, DC. 1-2 p. [Electronic resource]. - URL:<https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/25931> (07.07.2024)
4. Karayanidi, M. (2011). Bargaining Power in Multilateral Negotiations on Intellectual Property Rules: Paradox of Weakness. The Journal of World Intellectual Property, 14 (3-4), 266. [Electronic resource]. - URL: https://www.researchgate.net/publication/264478608_Bargaining_Power_in_Multilateral_Negotiations_on_Intellectual_Property_Rules_Paradox_of_Weakness (06.07.2024)
5. Kassor, A. (2018). The World Trade Organizations' Trade Related Aspects of Intellectual Property Rights (TRIPS) Agreement: The Compelling Challenges for Developing and Less Developed Member Countries-Implementation and Enforcement. Cybaris, 9, 121. [Electronic resource]. - URL:<https://open.mitchellhamline.edu/cybaris/vol9/iss1/5> (07.07.2024)
6. Madrid Agreement for the Repression of False or Deceptive Indications of Source on Goods of April 14, 1891 [Electronic resource]. – URL: <https://wipolex.wipo.int/en/text/286779> (07.06.2024)
7. Paris Convention for the Protection of Industrial Property, 1883 [Electronic resource]. – URL: https://www.unido.org/sites/default/files/2014-04/Paris_Convention_0.pdf (07.07.2024)
8. Yu P., (2009). The Objectives and Principles of the TRIPS Agreement, 46 HOUS. L REV. 979, 1000-10. [Electronic resource]. - URL: <https://scholarship.law.tamu.edu/facscholar/457> (15.07.2024)
9. Revesz, J. (1999). Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights, Productivity Commission Staff Research Paper. AGPS, Canberra. [Electronic resource]. - URL: <https://www.pc.gov.au/research/supporting/intellectual-property/trips.pdf> (08.07.2024)
10. UK Commission on Intellectual Property Rights, (2002). ‘Integrating Intellectual Property Rights and Development Policy’. Report of the Commission on Intellectual Property Rights (London: Commission on Intellectual Property Rights). [Electronic resource]. - URL:<http://www.iprcommission.org> (15.07.2024)
11. Vandoren, P. (2001). The TRIPS Agreement: A Rising Star, Journal of World Intellectual Property, 4, 3, 307-322.
12. Watal, J., Taubman A. (2015). The Making of the TRIPS Agreement. Personal Insights from the Uruguay Round Negotiations. Geneva, 2015. 336 p. [Electronic resource]. – URL: https://www.wto.org/english/res_e/booksp_e/trips_agree_e/history_of_trips_nego (15.07.2024)

13. Willis, B. (2013). The Arguments For and Against the TRIPS Agreement. - University of Plymouth. – 2 p. [Electronic resource]. - URL: <https://www.e-ir.info/2013/12/23/the-arguments-for-and-against-the-trips-agreement/> (15.07.2024)

14. Yoshifumi, F. (2008). Enforcing TRIPS: Challenges of Adjudicating Minimum Standards Agreements. University of California, Berkeley, School of Law, 23 (2) – 899-900. [Electronic resource]. - URL: https://btlj.org/data/articles2015/vol23/23_2/23-berkeley-tech-l-j-0867-0932.pdf (15.07.2024)

15. Boguslavskij M.M. (2000). Mezhdunarodnoe chastnoe pravo [International private law]. - M., Jurist', 2000. – 256 p.